

ЖШС «BINOM EDUCATION»
Ыбырай Алтынсарин атындағы
BINOM SCHOOL мектеп-лицейі
Астана қаласы
Нұра ауданы, Төле би көшесі, 42
info-binom@bi.group
www.binom.edu.kz
БСН 181040024450
БҰЙРЫҚ

BINOM
SCHOOL

ТОО «BINOM EDUCATION»
школа-лицей BINOM SCHOOL
имени Ыбырая Алтынсарина
город Астана
район Нура, ул.Төле би 42
info-binom@bi.group
www.binom.edu.kz
БСН 181040024450
ПРИКАЗ

№

365

« 02 » 08 20 24

**2024-2025 оқу жылында
білім беру ұйымдарындағы
тамақтандыруды
ұйымдастыру туралы**

Астана қаласы «БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІНІҢ 02.09.2024 ЖЫЛҒЫ № ПР-8014 бұйрығын негізге ала отырып
БҰЙЫРАМЫН:

Әлеуметтік педагог М.Д.Нәлібаеваға:

1. Жекелендірген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысында тегін сапалы тамақтандыруды ұйымдастырудың жауапкершілігі жүктелсін.
2. Әр айдың 1-не дейін мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысының есебі тиісті органдарға тапсырылсын.
3. Ашықтықты қамтамасыз ету барысында, ата-аналар қоғамының өкілдері Бракераждық комиссия құрамына енгізілсін.
4. Күн сайынғы ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар мен оқушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналастырылсын.
5. Білім беру ұйымдарындағы тамақтануды ұйымдастыру кезінде санитарлық ережелер мен нормаларға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне және әдістемелік ұсыныстарына сәйкес санитарлық эпидемиологиялық талаптардың орындалуы жүзеге асырылсын.
6. Асханадағы кезекшілік кестесі мектеп қызметкерлерімен бекітіліп, оқушыларды кезекшілікке тартуға тыйым салынсын.
7. Тамақтанудың кестесін бекіту кезінде уақыттың ұзақтығын ескеріп, сабақ арасындағы қоңырау ұзақтығы 15 минутқа сәйкестендірілсін.
8. Буфеттің жылдамдатып қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бөлігі бойынша жұмысы ұйымдастырылсын (қызмет көрсету персоналының, кассир мен сатушылардың санын оқушылардың контингентіне байланысты қарастыру).
9. Сапалы тамақтандырудың ұйымдастырылуы бойынша ақпарат тоқсан сайынғы педагогикалық кеңес отырысында қарастырылсын.

10. Интернет – ресурстарында «Мектептегі тамақтану» айдарында мектептенгі тамақтандыруды ұйымдастыру ай сайынғы ақпарат (мәзір, бракераждық комиссия құрамы) жөнінде ақпарат берілсін.
11. Тамақтанудың сапалылығының есебі ата-аналар қоғамының алдында уақытылы берілсін.
12. Буфеттегі тамақтану бағасы (прейскурантта көрсетілген бағадан көтерілмеуін) бақылауға алынсын.
13. Оқушыларды тамақтандыру жүйесі Білім беру ұйымдарына қойылатын Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес (газдалған сусындар, фастфуд, шоколадты батон, майонез, кетчуп, сағызды конфеттер, сағыз т.б. алынып тасталсын) ұйымдастырылсын. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Б.М.Кемелбек